



БЕКІТЕМІН
№47 ЖОМ басшысы
Л.Б. Жусупова

Қамқоршылық кеңес туралы ережелері

1. Жалпы ережелер

Мектептің қамқоршылық кеңесінің бұл ережесі оқу-тәрбие үрдісінің жақсаруын арттыру, мектебін барлық кеңестерінің мүшелері мектептің іс-шараларын ұйымдастырып, қатыстыруға, өзін-өзі басқару жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында құрылыа, қабылданды.

2. Қамқоршылық кеңесінің мақсаты мен міндеттері

2.1 Қамқоршылық кеңесі мектепке оқыту және тәрбие жұмысында материалды-техникалық қамтамасыз етуді және оқу-тәрбие мен инновациялық үрдісті жақсартуға септігін тигізуге құрылған.

2.2 Қамқоршылық кеңестің міндеттері: білім жүйесінде оқыту мен тәрбие үрдісінде практикалық көмек көрсету;

- Оқушылар, ата-аналар және мұғалімдер арасында біріккен жұмыста жайлы жағдай жасау;
- Оқушылардың шығармашылық, интеллектуалдық және рухани қабілеттерін арттыруға жағдай жасау;
- Оқу-тәрбие үрдісінің жұмысын жақсартуды қамтамасыз ету.

2.3 Қамқоршылық кеңесі өз қалауымен, тең құқылы, заңды, ашықтықта еркіндік ұғымымен жұмыс істейді.

3. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

Қамқоршылық кеңестің отырысы тоқсанына кемінде 1 рет өткізіледі. Қамқоршылық кеңестің отырыстарын бейнеконференция байланыс режимінде өткізуге жол беріледі. Отырысты өткізу туралы ақпаратты Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелерін хабардар ете отырып, білім беру ұйымының интернет-ресурсында орналастырады.

4. Қамқоршылық кеңесінің жүйесі

Қамқоршылық кеңесінің құру тәртібі және оның мүшелерін сайлау мектеп әкімшілігінің шешімімен бекітілді.

Комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрайды, кемінде 7 (жеті) адам, оның ішінде мемлекеттік органдар өкілдерінің саны Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының 2/3 (үштен екісінен) аспайды. Комиссия құрамына жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі 3 (үш) жылды құрайды. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жұмысы мерзімінен бұрын қамқоршылық кеңестің мүшелерінің сұрауы бойынша, өз міндеттерін денсаулықтарына байланысты орындай алмай және орындамаған жағдайда, қамқоршылық кеңестің жазбаша түрде мәлімдеген кезде аяқталуы мүмкін.

Қамқоршылық кеңестің шешімдері жазбаш немесе басылым түрінде жазылып, безендіріледі, оны қарауға мектеп әкімшілігіне жібереді. Шешім 1/3 мүшелерінің дауысымен қабылданады деп есептелінеді.

Қамқоршылық кеңестің бірінші отырысын мектептің ата-аналар комитетінің төрағасы өткізеді, бұл отырыста кеңестің төрағасы, орынбасары, хатшысы және ревизиялық комиссия мүшелері сайланады. Аталған лауазымдарға педагогикалық кеңестің ұсынған мүшелері сайлана алмайды.

Қамқоршылық кеңестің хатшысы болып қамқоршылық кеңестің мүшесі емес мектеп қызметкері қамқоршылық кеңестен тағайындалады, ол қоғамдық бастама ретінде өз құзырындағы жұмыстарды бақылап, отырыстарды дайындалған өткізуге, қамқоршылық кеңес отырыстарының материалдарымен қамтамасыз етеді, материалдарды басқалардың көруіне бақылау жасайды.

5. Қамқоршылық кеңестің құқықтары

5.1. Мектептің тәрбие жұмысының жоспарына өз ұсыныстарын енгізуге;

5.2. Қазақстан Республикасының заңдары негізінде қаржылық шаруашылық жұмысына қатысуға, оған өзгерулер мен толықтырулар енгізуге;

5.3. Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруы туралы мектеп әкімшілігінің есебін, сонымен және бюджеттік емес қаржының жұмсалуды туралы есептерді тыңдауға;

5.4. Мектептің оқу-тәрбие үдерісіне қатысуға;

5.5. Бюджеттік және бюджеттік емес қаржыны қолданылуы туралы құжаттармен танысуға және ұсыныс жасауға;

5.6. Мектеп жарғысына өзгерулер мен толықтырулар енгізуге ұсынуға;

6. Қамқоршылық кеңесі отырысының өткізілу тәртібі:

6.1. Қамқоршылар кеңесінің отырысы кварталында бір рет өткізіледі;

6.2. Қамқоршылар кеңесінің отырысын оның төрағасы, қамқоршылар кеңесінің хатшысы жүргізеді;

6.3. Шақыру тәртібі және қамқоршылар кеңесінің отырысының өткізілуі мектеп әкімшілігінің бұйрығымен бекітіледі;

6.4. Қамқоршылар кеңесінің отырысы, егер оның барлық мүшелері отырыс өткізілетін уақытты мен жерін хабарлаған уақытта толыққанды деп есептеледі;

6.5. Даулы мәселелер қамқоршылар кеңесінің әрбір мүшесінде бір дауыстан бар. Егер дауыс тең түсе жағдайда болғанда шешуші дауысты қамқоршылар кеңесінің төрағасы өз дауысымен шешелейді.

7. Қамқоршылар кеңесінің төрағасы:

7.1. Қамқоршылар кеңесінің төрағасы бірінші отырыста құпия дауыспен сайланады. Сайлану уақыты – 3 жыл.

7.2. Құқықтары:

- өз міндеттерін қоғамдық бастама ретінде жүргізеді;
- мектептің басқару органдарды, ұжымдар, ұйымдармен араласып, олардың алдында қамқоршылар кеңесіне ұсынылады;
- қамқоршылар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, басқарады;
- қамқоршылар кеңесінің қабылдаған шешімдеріне қол қояды;
- қамқоршылар кеңесінің жұмысы туралы жылдық есебін дайындайды;

- мектеп әкімшілігімен байланыста болады.

8. Қамқоршылық кеңестің мүлкі мен қаржысы

8.1. Қамқоршылық кеңестің қаржысы оның мақсаттары мен міндеттеріне сай жұмсалады;

8.2. Жұмсалған қаржы туралы оның салымшыларын ақпараттандырып отырады;

8.3. Оқушылардың оқудағы жақсы үлгерім көрсеткіштері үшін және интеллектуалдық, шығармашылық сайыстардағы көрсеткіштері үшін сыйақы тағайындай алады.

9. Қарама қайшылықтар.

9.1. Қамқоршылық кеңестің әрбір мүшесі мектеп жұмысы үшін аянбай еңбек етуге міндетті. Қамқоршылық кеңестің әрбір мүшесі шешім қабылдағанда өз жеке басын ойлап, мектептің коммерциялық мүмкіндіктеріне қол сұқпауы керек.

9.2. Қамқоршылық кеңесі мүшелер арасындағы қарама-қайшылықтар және оны шешу туралы жағдайды мектеп әкімшілігіне хабарлауы міндетті.

9.3. Егерде қарама-қайшылықтар шешілмеген жағдайда, оны шешу мектеп әкімшілігіне қарауға беріледі.

10. Қамқоршылық кеңестің таратылуы

10.1. Қамқоршылық кеңестің таратылуы мектеп әкімшілігінің шешімімен бекітіледі.